

Қазығұрт ауданы  
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Айболған» бөбекжай  
Балабақшасының менгерушісі  
Естауова Б.  
Әдіскері: Нұрлымбекова М.  
« 2020ж

Музыка оқу қызметіне  
ұйымдастырылған  
Технологиялық картасы

«Балауса»

(Ересектер тобы)

Музыка жетекшісі: Ажимбекова Ж.Л

## Күні: Қаңтар

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Әуенде сиқырлы ормандағы кұртақандар"

**Білім көздері:** Музыка

**Мәсаты:** Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенде сезіну, ырғақты ажыраты білуге баулу.

**Көрнекілік:** жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақандар, музыкалық аспаптар: ұшбұрыш, қоңырау, бубен, маракас, металлофон; сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша.

**Сөздік жұмыс:** қыс, қар таяқшалары, құртақан (гном)

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	<p>Балаларды көңілді күймен қарсы алады.</p> <p>Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады.</p> <p>Музыка ойналады: "Вальс" (П. Чайковский, ұнтаспадан тындалады).</p> <p>Балалар жүптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді. музыканы тыындей жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады.</p> <p>"Табигат құбылышы" (ұнтаспадан тындалады)</p> <p>Балалар жауып тұрган қар ұшқындарын көз алдарына елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен қар ұшқындарын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен педагог алақанына салып алғып келеді.</p> <p>- Балалар қардың сендерге айттар хабары бар екен.</p> <p>Құртақандар көмекке шақырады.</p> <p>Орманга барамыз,</p> <p>Құртақандарды табамыз.</p> <p>Жылдам жүгіреміз,</p> <p>Адымдаш жүгіреміз, - деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.</p>	<p>Балалар залға кіріп бірінің артынан тізіліп тұрады.</p> <p>Балалар вальс ырғақымен жүреді, қыймылдарды қайталайды, айтуға тырысады.</p>
<b>Үйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p><b>Дауыс жаттығуы:</b> "Баспалдақ"</p> <p>Жаттығуды айтқызамын, үйретемін.</p> <p>Балаларды отырғызып, дем алуларын сұраймын.</p>	<p>Балалар дауыс жаттығуын тындей жүгіріп айтуға талпынады.</p>

<b>Ән үйрену</b>	"Қыс" (Б. Жұсіпәлиев, А. Асылбек) балаларға әнді жаттатып үйрету.	Қыс әнін еркін айтуда тырысады.
<b>Әуенді - ырғакты қимыл</b>	<p>"Қоңыраулармен билейміз" Балаларды жеке-жеке шығарып айтқызу.</p> <p><b>1 - бала</b> <i>Келіңдер-келіңдер, Бізбен ойнап көріңдер.</i></p> <p><b>2 - бала</b> <i>Келіңдер, келіңдер, Бізбен билеп көріңдер.</i></p> <p><b>3 - бала</b> <i>Шапалақтан қазыңдар, Айналыңдар, билеңдер</i></p> <p><b>4 - бала</b> <i>Топылдатып аяқты, Кезек-кезек соғыңдар!</i> Күышақ күтақандарды көрсету. Құртақандардың балаларға қоңырау, металлофон, ұшбұрыш, маракас, бубен аспаптарын беріп жіберген екен.</p>	Балалар жеке дауыспен айтуда талпынады. Бірге қол шапалақтауда тырысады.
<b>Музыкалық аспапта ойнау</b>	"Сылдырмак" (орыстың халық әні) Балаларға аспаппен ойнауды үйрету. Аспаптарда ойнайық, Шыршамызға барайық. Бір-екі, бір-екі Ырғакты бұзбайық.	
<b>Ойын</b>	"Шаңғы тебеміз" Асыр салып ойнаймыз, Шаңғыларды байлаймыз. Ырғақпенен қозғалып, Жаттығуды жасаймыз.	Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады. Ойын барысында әуенді, ырғакты сезінеді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	- Бүгін бізге кімдер келді? - Сендерге аспапта ойнаған қнады ма? Балаларды мактау.	Құртақандар Ұнады Коштасады.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** музыканы сезіне тындауды, ән айтуды.

**Нені игереді:** музыкалық аспапта ойнауды

**Нені біледі:** музыка ырғағымен билеуді, ырғақпен шапалақ қағуды, аяқ топылдатуды

Күні: Қантар

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Қыс қызығы"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: музыканы тыңдал, ырғакты сезінеге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғактарын жаттығу арқылы дамытуға жеткізу.

Көрнекілік: ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, ұшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген суреттер

Сөздік жұмыс: қыс, шырша, акқала

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>Балаларды алаңға "Қыс қызығы" ойын - сауығына шақыру.</p> <p><i>Қыс қызығы басталды,</i>  <i>Ойнап, асыр салайық,</i>  <i>Сазды әуенмен мәнерлеп,</i>  <i>Ырғакты әнге салайық.</i></p> <p><b>Музыка тындау:</b> "Жаңа жыл" балаларды шенберге трғызып әндете жүріп бубенді үлестіру.</p> <p><i>Бірімізге-біріміз</i>  <i>Бубенді үлестіреміз.</i>  <i>Кімге келіп тоқтаса,</i>  <i>Би ыргагын көрсетсін.</i></p> <p>Өуен тоқтағанда бубен қай балаға түссе, сол баланы ортаға шығарып, ойын шарты түсіндіріледі.</p> <p>-Біз бубенді ырғакпен соғамыз, ал сен ырғакты бұзбай билеп бересін. Барлық балаларға сылдырмақ, бубен, маракас т.б. ұрмалы аспаптарды үлестіріп беру.</p> <p><i>Біз ыргакты қағамыз,</i>  <i>Бір, екі, уш, тұрт,</i>  <i>Жылдамдықты соғамыз.</i></p> <p><i>Тез-тез, тез-тез,</i>  <i>Жай-жай, жай-жай,</i>  <i>Тоқтат, тоқтат ыргакты,-дең бірнеше бала қайталайды.</i></p> <p>Күлдіргіз кейіпінде жүгіріп келіп. Мен жедел хат алып келдім.</p> <p>"Аққала көмекке шакырды", "Ұш аю" өз өнерлерін көрсетуге шакырды., "Қояндар жарыска шакырды" балалармен аятына дейін ойнау.</p>	<p>Балалар ойын сауыққа көнілдене шығады</p> <p>Бубенді әндете жүріп үлестіреді. Ырғакты тындал би кимылдарын жасайды</p> <p>Аспаптарды колдарына алады. Ұрмалы аспаптармен ырғакты қайталап ұрады</p> <p>Шақырған кейіпкерлерді есіне түсіреді.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденистік	"Шаңғы тебеміз" ән жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіру	
Ойын	<p>"Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді"</p> <p>Ән жаттығуымызды айтып, енді Ұш аюдын өнерін көруге барайык.</p> <p><b>"Ырғакты жұмбық"</b> Аспаптар ыргағы арқылы анықтау. Бұл аюдың жүрісі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Ауыр - жай ырғак</li> <li>*Орташа - көңілді ырғак</li> <li>* Женіл - көңілді ырғак.</li> </ul> <p>Балалар конжықтың жөне әке аю мен ана аюлардың жүріс ырғактарының айырмашылығын сұрау. түсіндіру, үрету.</p>	<p>Балалар ырғакты тындаиды.</p> <p>Әке аю Ана аю Қонжықтың және үлкен аюлардың жүріс ырғактарының айырмашылығын айтуға талпынады.</p>
Ән үйрену	"Ақшакар" әнін қайталау.	
Рефлексиялық-түзетушілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар , сендер бүгін қандай мерекеге бардыңдар?</li> <li>- Кімдерді көрдіңдер?</li> <li>- Кімдерді кездестірдіңдер?</li> </ul>	Қыс қызығы мерекесіне, Аю, акқала, күлдіргенді

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: музыканы тыңдауды, ырғакты сезінуді, әнді мінерлеп айтуды.

Нені игереді: музыкалық аспаптарда ырғакты сезіне ойнауды.

Нені біледі: музыканы тыңдал, би кимылдарын бірге жасауды. (жүгіру, секіру, журу)

## Күні: Ақпан

Білім саласы: Шығармашылық

Такырыбы: " Біздің атай "

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуге үрету, әнді ынтамен айтуға баулу.

Көрнекілік: отбасы мүшелерінің суреті. Атжарыс, көкпар тарту суреттері, құлыншақтың суреті.

Сөздік жұмыс: камкор, бағбан, ұста.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>Балалар музыка бөлмесіне "Марш" музыкасымен келеді.</p> <p>Музыка ырғағына ілесіп, акты нық басуға, тізбектеліп шенбер бойымен жүреді.</p> <p>Шаттық шенберін құрып жылы лебіздерін жеткізеді.</p> <p><i>Шапқылауга тоімайды, Жүйрік құлын бұл неткен! Тыным таптай ойнауды, Өзіне кім үйреткен.</i></p> <p style="text-align: right;"><i>E. Ескендеров</i></p>	<p>Балалар бірінің сонынан бірі тізіліп, шенбер бойымен жүреді.</p> <p>Шаттық шенберде жылы лебіздерін айтады.</p>
Ұйымдастыруышылық- ізденистік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар бұл өлеңде не жайында айтылып отыр?</li> <li>- Құлын кай жануардың төлі?</li> </ul> <p>Жауап беруге көмектесу.</p> <p>Кұлыншак күні бойы шапса да шаршамайды.</p>	<p>Өлеңді тыңдап, музыка жетекшісінің сұраптарына жауап береді.</p>
Ән тыңдау	<p>"Кұлыншак"</p> <p>Балалар, көздерінді жұмындаршы, нені елестеттіңдер?</p> <p>Дұрыс, аттың шабысын. Ат қайда өмір сүреді, қалада ма, әлде ауылда ма? Жылқы малына көбінесе аталар күтім жасайды. Бұл сол аталар туралы ән үйренейік.</p>	
Ән үйрену	<p>"Біздің атай" (К. Қуатбаев, Ә. Дүйсенбиев)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Атасың қолынан бәрі келеді: егін де егеді, мал ба бағады, үй де салады. Ол кісіні барлығы жақсы көреді. Ән көңілді атага арналған. Сендердің аталарың бар ма? Аталарың сендерді қалай атайды? Әннін мәтінін тыңдаған соң, әуенге косылып айтуға үйренеді.</li> </ul>	<p>Әнді үйреніп әуенімен қосылып айтады.</p>
Ойын	<p>"Бәйге"</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, біз құлыншак туралы музыка тыңдағанбыз, енді сол музыкаға екі-екі баладан шығып, бәйгеге түсіп жарысамыз. Белгіленген жерге кім бұрын келсе, сол бала жеңіске жетеді.</li> </ul> <p>Ойынды бірнеше рет кайталап ойнайды.</p>	<p>Ойыншық ағаш атка мініп, аттың шабысын салып жарысады.</p> <p>Балалар ойынды аса құлшысынпен ойнайды.</p>
Рефлексиялық- түзетушілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бүгін біз ғандай жануарлар туралы музыка тыңдадық?</li> <li>- Құлыншак кай маддың төлі?</li> </ul> <p>Корытындылау, мадактау.</p>	<p>Құлыншак туралы.</p> <p>Жылықының төлі</p>

### Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: ата туралы, үй жануарлары жылқының төлі құлыншак туралы

Нені игереді: камкор, бағбан, ұста сөздерінің мағынасын.

Нені біледі: аттың шабысынсалып жарысу датыларын.

Күні: Ақпан

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** " Бесік жыры "

**Білім көздері:** Музыка

**Маңсаты:** ата-анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету.

**Көрнекілік:** қуыршақ, қуыршақтың төсегі

**Сөздік жұмыс:** құндызыым, жұлдызыым.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балалар музыка залына марш әуенімен жүріп келеді. Шаттық шеңбер құрып, бір-біріне сәттілік тілеп, қолдарының жылуын береді.</p> <p><i>Қуан, шаттан, балақай!</i>  <i>Жарқырайды аспанда күн, алақай!</i>  <i>Атқан таңға, шықкан күнге сәлем берін,</i>  <i>Тілеік бағыт баршамызға осынданай.</i></p> <p>Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады.</p> <p>Жанында жататын төсегі бар.</p> <p><i>Сөйлемейсің сен неге</i>  <i>Тілің жсоқ па қуыршақ?</i>  <i>Біз күлгендеге күлмейсің,</i>  <i>Аңқаусың ба қуыршақ?</i>  <i>Бізбен бірге жүрмейсің,</i>  <i>Жалқаусың ба, қуыршақ?</i></p> <p>Р. Тышқанбаев</p>	<p>Балалар көңілді әуенімен музыка залына кіреді.</p> <p>Шаттық шеңбер жасайды.</p> <p>Балалар Айгүл қуыршақпен амандастырылады, қызықтайады.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	- Бүгін бізде конакқа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жылнамайды, құлмейді, журмейді. Бірақ сендер не істесендер де, тамашалап қарайды. Әндеріңі тұндалап, билерінді қызықтайады. Айгүлдің жанында төсегі бар, шаршаса, демалады. Анасы бөпесін бесікке жатқызып үйіктар алдында "Бесік жырын" айтқан.	
<b>Ән тындау</b>	"Әлди, әдеми, бәрем -ай" Куыршақты төсегіне жатқызып, "Бесік жыры" айттылады. Әрбір ана сәбін осылай үйіктатады. Айгүл үйінан оянды. Өткен әндерді еске түсіріп, гайталау.	Бесік жырын таңдайды. Бұл ән қай кезде айттылатынын ұғынуға тырысады
<b>Ән үрлену</b>	"Анашым" (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) Аналарын сендерді әндетең, үйіктатады, мәпелейті, баптайады, тамақтарынды беріп, киімдерінні жуады. Ал біз анамызға арнап ән айтамыр. <i>Күн козіндай күлімден,</i> <i>Құшағын аласың,- дег қолды жақын күнди</i> <i>көрсетің, баласының құшақтаганын салу.</i> Ән дауынны катты көтермей, аналарды еске альп, ана ғұшағын сезіне отырып әндете айтуды	Ана туралы әнді тындауды. Әрқайсысы өз анасы туралы айттып беруге тырысады.

	қажет еткізу.	
<b>Ойын</b>	"Кешікес" (орыс халық әуені) Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалактайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде стыра қалады. Кім сонында қалса, сол бала айтуға иштеп, өнер көрсетеді.	Балалар әуеннің ырғағына сай әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде алақандарын шапалактайды.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Қуыршақ айғұл балаларға рахметін айтады. Көңілі көтеріліп қалғанын жеткізіп мадақтайты	

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** ананы қастерлей білу регін

**Нені игереді:** әнді тыңдай отырып, құмасым, жүлдым деген сөздер не үшін айтылғанын, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

**Нені біледі:** музика тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қыймыл жасауды

**Күні:** Ақпан

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Ағайынбыз бәріміз"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музикалық шығарманы ажыратып түрлендіру.

**Көрнекілік:** ұлken - кіші қоңыраулар, ак, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті

**Сөздік жұмыс:** тосқауыл, ортак

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық- қозғаушылық</b>	<p>Музыка залына балаларды қарлы алу. Балалардың шенбер бойынмен жүгіруін, музыка аудиосқада сол музыкаға сай қымылдар жасаудың қадағалау.</p> <p><i>Bір шаңырақта табысқан, Дос-бауыр кон, туысқан . Отан-ортас үйіміз, Көңілді ои мен күйіміз.</i></p> <p>Е. Отетілеуұлы</p>	<p>Балалар музыка залына әуен ырғағымен келеді. Біоінің сонынан бірі шенбер бойынмен жүреді, жүгіреді.</p>
<b>Ұйымдастырушылық- ізденістік</b>	<p>- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіндер?</p> <p>Арамында басқа да ұлттың балалары бар: қазақ, орыс, үйгір, т.б. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамак ішіп, бірге ұйықтаймыз. Әрқандың осындай осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халық музикасын күрметтеуіміз керек.</p>	<p>Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерн жеткізеді.</p>
<b>Музыка тыңдау</b>	<p>"Жайтарған" (казақтың халық әні)</p> <p>-Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе? Бұл аңдағы сылып ән айтуда, би билеуге болады. Сендеңе әннады ма? Ән айтуда әннада дауыс жаттығуларын жасап, дауыстағы қалыпта келтіру.</p>	<p>Балалар дауысты қалыпқа келтіреді, дауыс жаттығуларын жасайды.</p>
<b>Ән үйрену</b>	<p>""Ағайынбыз бәріміз""</p> <p>- Ортаға онын асқар тау, Болсын жер мен су да орта.</p> <p>Болсоң тау да ортақ,-деп неліктен айтылған? Бәріміз де дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетеп айтты өмір сүреміз,- деп отыр</p>	<p>Балалар ортақ деген сөздің мағынасын түсінеді.</p>
<b>Ойын</b>	<p>"Қоңыраудың ойын" балалар ұлken және кішкене қоңыраудың ойындарын атасыады. Қоңыраудың дыбысталуын көрсеткіштік аймашылыға тоқталу. Ортага балаларды кезектесіп шақырып, ойнаған музика қай қоңыраудың екенін сұрап, сол қоңырауды алышып сыңғаудың ойын өтінеді.</p>	<p>Балалар қоңырауды кезектесіп алышып, сылдырылатып көреді, қызықтайтыды. Музыканы мұқияттыңдаап, сол музикаға сай қоңырауларды алышып сылдырылатады.</p>
<b>Рефлексиялық- түзетушілік</b>	<p>Қорғауда ойнайту, маралпattau.</p>	<p>Көтерінкі көніл күймен тарайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** қазақтың халық әнінде ойнадар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білу керек.

**Нені игереді:** ортақ, ақпышы, қара, сары, үйгір, қазақтық деген түсініктерді.

**Нені біледі:** ұлken және кіші қоңыраудың ойындарының ажыратып түрлендіру.

**Күні:** Наурыз

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Көктем "

**Білім көздері:** Музика

**Мақсаты:** балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Муыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту.

**Көрнекілік:** көктем көріністерінің суреттері

**Сөздік жұмыс:** бүршік, сай-салада су агады.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музика жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Көңілді музика іуенімен балаларды қарсы алу. Амандасу. Шаттық шеңбері</p> <p><i>Қуанамын мен де, Қуанасын сен де, Келіп шыққан күнге. Күніміз жарық болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын!</i></p> <p><i>Көктем, көктем, көктемде, Құстар келіп жеткенде, Біз қуанып қаламыз Әнмен қарсы аламыз</i></p> <p>Көктем көріністері бейнеленген суреттерді көрсетіп жылдың қаймезгілі бейнеленгенін сұрай.</p>	<p>Балалар көңілді әуенімен кіреді. Шаттық шеңберін жасайды, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.</p>
<b>Ән тындау</b>	<p>"Бұл қай кездे болады"?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, қазір қандай жыл мезгілі?</li> <li>- Көктемде қандай құбылыстар болады?</li> <li>- Қар, мұз қай кезде ериді?</li> </ul> <p>Ағаштар қай кезде бүршік атады?</p> <p>Сендер тағы қандай құбылысты байқадындар?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дұрыс айтасындар, күн, жылиды, мал төлдейді, жауын жауады.</li> </ul>	<p>Көктемде күн жылиды, ағаштар бүршік атады. Сұрактарға толық жауап беруге тырысады.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, бойды тік ұстап, қатты айқайламай, еркін айту.</p> <p>Дауыс жаттықтыру. Әндердің мәтінін қайталап, нақышына келтіріп айту.</p>	
<b>Ән үйрену</b>	<p>"Көктем" К. Куатбаев, А. Асылбек</p> <p>Әнді нақышына келтіріп орындалап беру.</p>	<p>Өткен әндерді естеріне түсіріп,</p>

	Алдымен мәтінін қайталап, содан кейін әніне қосып айтады. Балалардан әнде не туралы айтылған. Ән көңілді жеңіл орындалады.	бірнеше рет қайталайды. Жаңа әнде не туралы екенін түсініп, әуенін еске сақтауға тырысады.
<b>Әуенді - ырғакты қимыл</b>	"Қақпа" бірінші бөлімде балалар қақпа жасап, шеңбер бойында қолдарын жоғары ұстап тұрады. Ортада бір бала қақпадан кіріп-шығып жүгіріп жүреді. Музыка аяқталғанда қақпа жабылып, балалар қолдарын түсіреді. Бала қақпаның ішінде қалып қойса, екінші бөлімдегі музыка әуенімен билейді. Шеңбердегі балар қол шапалақтайды. Ойын қайталанады.	Ойынды қызыға ойнайды.  Айыпты болған бала би билейді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Бұғін қай мезгіл туралы сөз болды? Балаларды мадақтау, қоштасу.	Көктем туралы. Көңілді әуенмен топтарына қайтады.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** Көктем құбылымтарын айта біледі.

**Нені игереді:** бүршік атты, сай-саладан су ақты дегенді түсінеді.

**Нені біледі:** "Қақпа" ойынын ойнауды, әнді нақышына келтіре орындауды.

Күні: 14, 19 Наурыз

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Наурыз"

**Білім көздері:** Музика

**Мақсаты:** балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт-дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.

**Көрнекілік:** Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер.

**Сөздік жұмыс:** Наурыз, салт-дәстүр, наурыз көже

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музика жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларды ұntаспада орындалған "Сарыарқа" күйімен залда қарсы алу. Оларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін, Наурыз туралы әңгімелеп беретінін айтады.</p> <p>Ұлыс күні қазан толса, Ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, Содан олжалы жол болар. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда журсен жол болсын!</p>	<p>Балалар залға кіреді. Әжемен амандасады. Әженің әңгімесін тындаиды.</p>
<b>Үйымдастырушылық-ізденістік</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар Наурыз жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылыш наурызкоже даярланады. Жұрт бір-бірін мерекемен құттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салып, би билейді.</li> <li>- Снедер наурыз туралы не білесіндер?</li> <li>- Қандай ұлттық ойындарды білесіндер?</li> </ul>	<p>Балалар әжеге Наурыз туралы өздерінің білгендерін айттып беруге тырысады.</p>
<b>Ән тындау.</b>	<p>"Қамажай" қазақтың халық әні.</p> <p>Әже: Қамажай- халық әні, біз жас кезімізде алтыбақан теуіп, осы әнді айтушы едік. Бұл әнге билеуге де болады. Айтындаршы, балалар, ән көнілді ме, әлде көнілсіз бе? Әнді тындаиды.</p> <p>"Анашым", "Ақ әжем" әндерін естеріне түсіріп айтады.</p>	<p>Балалар музыканы тындаиды. Әженің сұрақтарына жауап беруге талпынады. Балалар бала, әже туралы әндерін айтады.</p>
<b>Ән үйрену</b>	<p>"Наурыз" А. Досмағамбет, Ж. Мұхамеджанов. Әжеге арнап осы әнді үйреніп айтамыз. Ән көнілді, ойнақы.</p>	

	Наурыз тойында бір-бірінің үйіне қонаққа баратыны айттылады. Балалар әжемен бірге қосылып, бірге ән айттып үйренеді. Әнді орындал болған соң, әже балаларды ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады.	
<b>Ойын</b>	"Сылдырмақтар" музыка әуеніне ілесіп, залда еркін, ойыншықты сырдырлатып жүгіреді. Ортада әже тұрады. Әуенмен қайталаганда орындарында тұрып, ырғаққа қосылып сылдырмақты жасырып, жайлап әжеге жақындайды. Музыка соңында әже балаларды қуады, балалар қашады.	Әжемен ойын ойнайды. Сылдырмақты ырғаққа ілесіп сырдырлатуға тырысады. Ойын соңында әжеден қашады.
<b>Ырғақты қимыл қозғалыс</b>	"Қамажай" Әнге ілесіп, әже би қимылдарын көрсетеді. қыздар қайталайды: қолды білезік буынынан бұрау, жұн сабау, айнаға қарау.	Қыздар және көрсеткен қимылдарды жасауға талпынады.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Әже балаларға риза болып, раҳмет айттып, мақтайды.	

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы

**Нені игереді:** Наурыз, наурызкөже туралы түсініктерді.

**Нені біледі:** қазақтың би элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды

**Күні:** Наурыз

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Наурызым, армысын!"

**Білім көздері:** Музика

**Мақсаты:** музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажыратада білуге дағдыландыру.

Мерекелік көңіл күй сылай білуге үйрету.

**Көрнекілік:** Мерекелік дастарқан, ұлттық тағамдар бейнеленген суреттер.

**Сөздік жұмыс:** дарқан дала, ақ дастарқан, ошақ

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Төрде Наурыз дастарқаны жайылған. Дастарқан басында әже мен ата отырады. Мерекелік музика қойылып, көтеріңкі көңіл күйде келген балаларды әже мен ата екеуі қарсы алады.</p> <p><i>Күн мен тұн теңелді, Жер шуаққа кенелді, Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы салтымыз, Көнерсін деп халқымыз, Көшеге тал егеді.</i></p> <p>Ата мен әже балаларды жылы ықыласпен дастарқан басына жайғастырады.</p>	Балалар көңілді мерекелік әуенмен әже мен ата отырған жерге келді. Ата мен әже амандасады.
Ұйымдастыруышылық-ізденістік	<p>Ата: Қош келдіңіздер, бұлдіршіндер! Міне, бүгін Наурыз мерекесі тойланып жатыр. Мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпе - назарын ұмытып, құшақтасып қауышады, төс қағыстырады. Бір-бірінің үйлеріне кіріп, адапт астан ауыз тигізеді.</p> <p>Әже: Қыстан аман-есен шыққан халық бүгінгі күн мен тұн теңелген күні дастарқанға күрт, ірімшік, жент, бауырсақ неше түрлі ұлттық тағамдар қойылады.</p> <p>Жеті түрлі тағамнан наурызкөже жасалады. Келер жылға аман жетейік деген тілек тілейді.</p> <p>- Ата, әже, біздің балалар да құрқол келген жоқ, сіздерге мерекелік өнерлерін ала келді.</p>	Наурыз туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.
Ән үйрену	Балалар өткен сабактарда үйренген ана	Балалар әженің ұлттық тағам туралы әңгімелерін тыңдалап, тағамдардан дәм татады. Гаурыз туралы таұпактарын, әндерін айтады.

	туралы , Наурыз туралы әндерін орындауды	
<b>Ән тындау</b>	<p>Дәuletкереңдің күйі "Қосалқа" Ата домбырамен орындал береді.</p> <p>Педагог: Бұл қай күйде әсем киінген ару қызы бейнеленген. Мұқияттыңдастандар, сырға сыңғырладап, әдемі дыбыс беріп тұр.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, казақтың қандай ұлттық ойындарын білесіндер?</li> </ul>	Ата орындаған күйді тындауды.
<b>Ойын</b>	<p>"Тақиястамақ"</p> <p><i>Ойым бар бір ойын бастамақ, Аты оның - "Тақиястамақ". Мұқият болындар бәрің де, Бім қағып жүрмесін қас-қабақ. Ақырын, аспаймын, саспаймын, Шеңберді айнала бастаймын. Бірінің тұсына жеткенде Сездірме тақия тастаймын.</i></p> <p>Ойын 2-3 рет қайталанады.</p>	Балалар ұлттық ойын "Тақиястамақты" ойнайды.
<b>Би</b>	Балалар үйренген билерін ата мен әжеге билеп береді.	Өткен сабактарда үйренген билерін билеп береді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>Әже мен ата Наурыз туралы сұрақтар қояды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сонымен, қандай ұлттық тағамдарды білесіндер?</li> <li>- "Наурызкөже" деген не?</li> <li>- Ішіне неше түрлі дәс қосылады?</li> </ul> <p>Ата мен әже балаларға ризашылықтарын білдіріп, мақтау сөздер айтып шығарып салады.</p>	Балалар сұрақтарға жауап беріп, көтерінкі көңіл күймен тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Наурыз мерекесіндегі дәстүрлі, ұлттық тағамдар жайлы.

**Нені игереді:** дарқан даала, ақ дастарқан деген т.сініктерді

**Нені біледі:** мереке кезінде төс қагыстырып амсандасуды, өкпе-назарын ұмыту керектігін.

## Күні: Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Орманға саяхат"

**Білім көздері:** Музика

**Мақсаты:** музикалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік, сабырлы, көнілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету.

**Көрнекілік:** ағаштар, билеп тұрған аюлар, вальс, марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көнілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер.

**Сөздік жұмыс:** көнілді, көңілсіз, жігерлі.

Оку іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларды көнілді қарсы алу. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.</p> <p>"Біз үшін" М. Жәутіков. Балаларға би қимылдарын үйрту. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді.</p> <p><i>Ал балалар, балалар, Саяхатқа шығайық, Ормандағы аңдарға Көлікке мініп бараіық!</i></p> <p>"Саяхат" шығармасын тыңдай журіп, балалар көлікке мініп, орманға барады.</p>	<p>Балалар кіреді, амандасады.</p> <p>Балалар шеңбер бойымен жұғіріп, өз орнын табуға, қимылдарды үйренуге талпынады.</p>
<b>Үйымдастыруышылық-ізденістік</b>	<p>Балаларды отырғызып, "Вальс" шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балалар орман ішіндегі аялдамада тапсырма болатынын айтады.</p> <p>Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті. Тапсырманы алғып, үйге келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді.</p> <p><i>Көлікке бірге мінейік, Әрі қарай кетейік, Жылдамдатып жетейік. Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті. Балалар қояндар қалай билейлі?</i></p>	<p>Балалар жайғасып отырады, музыканы тыңдайды.</p>
<b>Әуенде - ырғақты қимыл</b>	<p>"Көнілді би" (Ө. Бәйділдаев) шығармасын тыңдату.</p> <p>Көлікке енді мінеміз,</p> <p>Әрі қарай кетеміз,- деп тағы сапарларын жалғастырады. Үшінші ағаштағы тапсырма - қасқырлардың марш ырғағымен журіп бара жатқан суреті.</p>	<p>Тапсырмаға қарайды</p>
<b>Ән тыңдау</b>	<p>"Мерекелік марш" шығармасын тыңдайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, қасқырлар қалай жүріп бара жатыр?</li> <li>- Көлікпен үйлеріне қайтып келеді.</li> <li>- Осымен саяхатымыз аяқталды. Ал енді, балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін</li> </ul>	<p>Марш ырғағын тыңдайды.</p> <p>Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр.</p>

	<p>айтып беріндерші.</p> <p>Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу, созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді.</p> <p>Екінгі аялдамада қояндар шапшаң, женіл секіргенін, көнілді билегенін түсіндіру.</p> <p>Ушінші аялдамада қасқырлар, марш ырғағымен, жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді</p>	<p>"Вальс" ырғағы баяу, созыңқы, сабырлы.</p> <p>Қояндар көнілді, шапшаң, женіл билейді.</p> <p>Дауды ырғағымен маршпен жоғарытөмен көтере, түсіре орындаиды.</p>
<b>Ән үйрену</b>	<p>Әндетеік, жырлайық, Әсем әнге салайық, Жаттықтырып дауысты Әйбат бала болайық "Бақшага келемін" (Ә. Бәйділдаев)</p>	Әнді көнілдене айтуға тырысады.
<b>Би</b>	<p>Би билейік ырғалып, Серкірейік жұлтасып. Кезек-кезек, оңға-солға Аяқтарды созайық. "Косарлагып билеу"</p>	Жұлтасып тұруға, өз орындарын табуға, би ырғактарын қайталауға талпынады.
<b>Дидактикалық ойын</b>	<p>"Бұл не?" Аңдар бейнеленген суреттерде төлдердің қасына апарып қою, табу. Мысалы: қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына кояды. Өз аласын тауып береді.</p>	Ойынға көнілдене қатысады. Төлдерін аналарына тауып береді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>- Балалар, орманда қандай аңдармен кездестіндер?            - Аюлар қалай билейді?            - Қасқырлар қалай биледі?            - Қояндар қалай биледі?</p> <p>Балалардың бүтінгі іс - шараға белсене қатысатындарын айтып мадақтайды.</p>	Балалар жауап беруге тырысады.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** музикалық шығармаларды сезінуді, сипатын ажыратуды, әнді сезіне айтуды.

**Нені игереді:** музикалық шығармаға, мазмұнына бейнеленген суреттердің сипатын ажыратуды, музикалық-дидактикалық ойынды, музыканы тыңдал, төлдердің аласын табуды.

**Нені біледі:** музикалық шығармаларды тыңдал, ырғактарды сезіне би кимылдарын жасауды.

Күні: Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Жайлаудағы төлдер"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** музыканы тыңдап, сипатын ажыратада білуге, әннің мәтінін бұзбай дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.

**Көрнекілік:** бұзау, қозы, құлышншақ

**Сөздік жұмыс:** сабырлы, көңілді, жігерлі

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Балаларды көңілді қарсы алу. Амандастырылған жаттығуды, дыбыстарды таза айтуға үйрету. М. Жәутіковтің "Сәби күлкісі" әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүргүре, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйрету. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек, қымылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтады, қымылдарды жасауға үйретеді.	Балалар кіреді, амандасады, жаттығуларын айтады. Би қымылдарын еркін жасауға, жүргүре, өз орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	Балаларды музыка ырғақымен жайлауға баруға шақыру. <i>Құлындарым кісінеп, Боталарым юоздады. Бұзауларым мөңіреп, Қозым ерте қоздады.</i> - Балалар жайлауға келдік, енді демалайық- деп, музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру. "Боталардың желісі" шығармасының сипатын түсіндіру. "Еркетайым" әні жылдам, көңілді сипатта орындалады. "Ана әлдиі" асыпқай, сабырлы сипатта орындалады. Балаларды музыканы тыңдап, әуендей ажыратада білуге дағдыландауда, үйрету, қайталуа.	Жайлауға ұлдар мен қыздар қол ұстасып, ауыспалы адыммен жүріп билеп барады. Шығармаларды отырып тыңдайды.
<b>Дидактикалық ойын</b>	"Анасын тап!" Ән салайық, шырқатайық, Әуеніне тамсанайық, "Ойыншықтар" әнін біз Үйренейік, айтайық.	
<b>Ән үйрену</b>	"Ойыншықтар" И. Нұсіпбаев	"Ойыншықтар"

		әнін үйренеді
<b>Әуенді - ырғақты қимыл</b>	"Шөжелерім", "Тұлпарым" биін үйрету	Қыздар би ырғақтарын жасай білуге талпынады.
<b>Кимылды ойын</b>	"Кімге қай төл ұнайды?". Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп, сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Күннің екінші жартысында ойынды қайталап үйреніп, төлдер жарысын қткізуге болады. Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы орнатлған музыкамен шауып барып, белгіні айналып келіп орнына тұрады.	Балалар төлдердегі атрибутын таңдалған киіп, дауысын, қимылын салуға тырысады. Балалар ойынды жалғастырады тқлдер болып жарысады.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Балалардан қайда барғанын сұрайды. - "Хәләйлім" шығармасының композиторы кім?  - Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтындар? - Бүгін қандай ән үйренилдік? Балаларды мадақтайды, қоштасады.	Жайлайға бардық. Композиторын бірнеше суретінен тауып айтуды. Сабырлы, жігерлі, көнілді "Шөжелерім", "Тұлпарым"

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** музыканы тыңдалап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мінерлеп айтуды.

**Нені игереді:** музыканы тыңдалап, ойын арқылы төлдерді табуды

**Нені біледі:** музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, "Шөжелерім", "Тұлпарым" билерін билеуді

**Күні:** Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Құстар дауысы"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.

**Көрнекілік:** құс пен оның балапанының суреттері.

**Сөздік жұмыс:** қарқ-қарқ, бытпышлак, бозторғай, көкек.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Жетекші балаларды "Амандасу жаттығуын" айтып қарсы алады. Көңілді әуенмен ыргағымен жұптасып жүруді үретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ыргаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үретеді.</p> <p>"Құстар", "Құстар шоқиды" әуенін тыңдап, құс сияқты ұшып жүруді көруді көрсетеді. Балалар зал бойымен ұшып жүріп, ыргақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, онға-солға қимылдар жасауды үрету.</p>	<p>Балалар залға кіреді. Амандасу жаттығуын еркін айтқызу.</p> <p>Әуезді әуенмен қалықтап ұшуды, канаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасауға тырысады.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Музыка тыңдау: Балаларды музыка тыңдауға шақыру. Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың даусын, сайрауын тыңдату. Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіру. Құспен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып беру. Құстар әуенін (жауан-жіңішке) келтіріп, кезек-кезек ауыстырып ойнайды, балалардан карточкаларды дұрыс көрсетуін сұрай.</p>	<p>Балалар құстардың сайраған даусын сезінуге тырысады. Жуан - жіңішке дыбыстарды түсінуге. Текше арқылы жуан-жіңішке дыбыстарды табуға тырысады.</p>
<b>Ән үйрену</b>	<p>"Кім қалай дауыстайды" (Ж.Тұрсынбаев), "Бұл-бұл" (Шілдебаев), "Бөдене" әні орындалып ұйымдастырылады.</p> <p>"Бозторғай", "Көкек" - әр құстың әнін бір шумағын орындалап үретіледі. Әуен дыбыстарын таза айтуға үрету. Әндердің</p>	

	мәтінімен танысып болған соң, топ балаларын үшке бөліп, берілген ұлгіге қарап әнді айтуға үйрету.	
<b>Әуенді - ырғакты қимыл</b>	Қыздарға "Шөжелерім" биін қайталату. Ұлдарға "Тұлпарым" биін үйрету.	Қыздар мен Ұлдар би қимылдарын қайталайды.
<b>Дидактикалық ойын</b>	"Қандай дауыс?" Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидактикалық ойынмен жалғастырып үйрету, есте сақтау қабілетін, есту қабілетін дамыту. Текше мысық пен мысықайды тыңдалып, жіңішке - жуан дыбыстарды тауып, ажырата білулері керек.	Ойынға қызыға катысады, музыканы тыңдалып, жуан - жіңішке дыбыстарын айтады.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды. - Құстардың дауысы қандай? - Балапанның дауысы қандай?  Балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** музыканы тыңдалып, жуан - жіңішке дыбыстарын ажыратуды.

**Нені игереді:** дидактикалық ойынды текше арқылы ажыратуды.

**Нені біледі:** музыканы тыңдалып, би қимылдарын жасауды.

Күні: Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Әуенді сандықша"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанырларын ажыратуға баулу. Би құмылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғакты сезіне ойнауға үйрету.

**Көрнекілік:** ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, куыршақтар.

**Сөздік жұмыс:** сандықша, ролька, вальс, марш.

Оку іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларды көнілді қарсы алғып, "Серуендейміз" әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап, шенбер бойымен тұруларын сұрау.</p> <p><i>Ал қәнекей, тұрайық, Шенберді біз құрайық.</i></p> <p>Балаларға сандықшаны көрсету. Сандықшаны ашып ішінен аспаптарды (барабан, бубен, қоңырау) алу.</p> <p><i>Аспаптарды алайық, Біз оркестр құрайық - деп "Барабаншы" әуеніне аспаптарда ойнауға үйрету.</i></p>	<p>Балалар қол ұстасып, зал ішінде еркін жүріп қыдырады.</p> <p>Шенбер күрып тұрады.</p> <p>Сандықшаны көріп, қызығушылықтары артады. Калаған аспаптарын алғып, оркестрде ойнауға дайындалады. Әуенді, ырғакты сезіне отырып, аспаптарда ойнайды.</p>
<b>Үйымдастырушылық-ізденистік</b>	<p>- Жарайсындар, балалар! Енді аспаптарды жинайық, отырып демалайық! Жайғасып отырындар.</p> <p>- Әуенді сандықшаны ашып көрейік. Сандықша ашылып, әсем естіледі.</p> <p>Сандықшаға құлағын тосып тындағандай болу.</p> <p>- Балалар, ғажайып сандықша "Әуенді тыңдалап, ажырат" - деген тапсырма ұсыну. Әуенді мұқият тыңдалап, сипатын анықтау.</p>	<p>Балалар аспаптарды жинайды, жайғасып отырады</p> <p>Сандықшаның әуенін тыңдалап, елеңдейді</p>
<b>Әуенді дидактикалық ойын:</b>	"Ырғағын ажырат" "Итальяндық полька" (С. Рахманинов), "Бесік жыры" (Халық әні), "Жалаушалармен жаттығу" (Н. Брусиловский) музыкалары ойналып, балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.	Әртүрлі сипаттағы жанрларды тыңдалап, ажыратады.
<b>Ән үйрену</b>	<p>Даус жаттығуы: "Сағат пен елек" айттылып, балалардың даус ырғактарын бақылайды.</p> <p>Сандықшаны қолына алғып, келесі тапсырманы ұсынады.</p> <p><i>Мен өнерпаз баламын, Шырқап әнге саламын. Өскенімде сртеп - ақ</i></p>	Жаттағуды айтады, дауыстары ашылып, ән айтуда дайындалады.

	<p><i>Әнші, биши боламын.</i></p> <p>"Жан сырым" әнін орындағ, мұқият тыңдауларын сұрау. Ән мазмұнын әңгімелеп, сипатын анықтауға ықпал ету. Әнді екінші рет орындағ, ән әуеніне қосылуды және шапалақпен ырғақты көрсетуді сұрау. Тағы да ғажайып сандықшаны ашып, әуенді тыңдату.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар ғажайып сандықша бізді көңілді ойынға шакырады.</li> </ul>	<p>Көңілді әуенді тыңдап, мәтінін түсінуге тырысады. Ән туралы әңгімелеп, өз ойларын білдіреді.</p>
<b>Ойын</b>	<p>"Бәсен және көтеріңкі" Ойын шартын түсіндіріп, қуыршақтарды жай, ақырын және ашық-жарқын дауыспен әндете тербетеді.</p>	<p>Балалар ойын шартымен танысады. Қуыршақтарды алғып жайғасып отырады. Әнді жай және қатты айтып, ойын шартын орындаиды.</p>
<b>Әуенді - ырғақты қимыл</b>	<p>"Біздін ойыншықтар"</p> <p>Аю, қасқар, жолбарыс, Арыстан мен піл, барыс., Ойыншықтар, тұрындар, Ойын-сауық құрындар,- деп ойыншықтармен биге шакыру.</p> <p>Би қимылдарын үрету. Би кезінде ойыншықтарды дұрыс ұстауларын, бірге қозғалып, қимылдауларын қадағалау.</p>	<p>Ұнатқан ойыншықтарын алғып, қатарласа тұрады. Би қимылдарын бірге бастап, қуыршақтармен билейді.</p>
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғажайып сандықша қандай тапсырмалар береді?</li> <li>- Әуені қандай екен?</li> <li>- Бүтін сендерге не ұнады?</li> </ul>	<p>Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын білдіріп әңгімелейді.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** түрлі сипаттағы әндерді орындауды, фраза арасында тыныс алу, би жанырларын ажыратуды.

**Нені игереді:** сылдырмақ бубен, қоңыртұм аспаптарында әуенге ілесе ойнауды, ойыншытармен қимыл-қозғалыс жасауды

**Нені біледі:** хормен ән айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді

**Күні:** Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Ауылдағы той"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** Әуеннің түрлі бөлімдерін ажыратады, дыбыс биектігі мен тембрін ажыратуды дағдыландыру. Күйді мындалап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

**Көрнекілік:** ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша

**Сөздік жұмыс:** күй, той

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	"Кеңес" күйі орындалып тұрады, балалардың қарсы алғып, ауылға, тойға баруға шақыру. Балалар шенбер бойымен жүгіруді ұсынады. Ұлдарға "ат" беріп, қыздардың қолына асатаяқ ұстаталады. "Колхоздағы той" әуеніне қыздарға асатаяқта ойнап, ұлдарға "атпен" шабуды ұсынады. Әуен екінші рет ойналғанда ұлдарға отырып, қол шапалақтау ұсынылады. Ал қыздарға асатаяқпен би қимылдарын көрсетін, үйретеді.	Балалар күйді тындалап, шенбер бойымен қалыспай жүргүре үйрету. Ұлдарға ат мінгізіп, қыздар аспаптарын алады.
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	- Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйдерді тындауға шықырамын.	Күйді, әнді тындауды
<b>Ән тындау</b>	Құрманғазының күйі "Айжан қызы" Алық әні "Қамажай", "Хәләйлім" әуендерін тындау. Балаларға әуендердің түрлі спектрлерін ажыратуды ұсыну.	Түрлі сипаттағы әуендерді тындалап, екпінін ажыратып, әңгімелейді.
<b>Ән үйрену</b>	<p>Даусыз таптап "Домбыра үні" айылып, жаттың түрасында дүрыс тыныс алуларын қадаганы.</p> <p><i>Даусыз таптылды, Бұлбұл Сайраймыз, Көңілдің таптып, Жадың таптайтаймыз</i></p> <p>"Қасиеттің домбыра" Б. Бейсенова. Әннің мазмұнын түсіндіру, көңілді ырғакты сезінуда біче ықпал ету. Әннің мәтіні туралы сөз, балаларды әңгімеге тарту.</p> <p>- Тойның күйі қызықты ойындармен қыздың тапсайтасейік - деп ойынға шақыру.</p>	<p>Дыңы- дығы, дын-дын буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді. Бірнеше рет қайталап, дауыстарын ашады, еркін әндетеңді. Ән мазмұнын әңгімелейді</p>

<b>Ойын</b>	"Тақия тастамак", "Киіз үй" ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін таңдал, өз беттерінше билеуге ерік беру.	Ойынды қызыға ойнап, белсене қатысады.
<b>Әуенді - ырғакты қимыл</b>	"Асатаяқпен" би, "Кел билейік" биін билейді. Балалар ұнататын аспаптарын таңдал, өз оркестрін құрайды. Оркестрде "Еркем-ай" әуенінің әуенін орындаиды. Әуен ырғағымен аспаптардың өз ретімен ойналуын қадағалау. Балаларға аспатың ұстату тісілін үйретіп, әдемі әуен шығара білуін бақылау.	Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғактарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды. Аспапты таңдал алады. Үндестігін тыңдал, ойнауға талпынады.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	- Қандай ән, күйлер тыңнадық? - Кімге қандай ән ұнады? - Музыкалық аспаптардың қайсысын ұнатастындар? - Қандай билер биледіндер? - деген сұрақтар қойып, балалардың үйренген іс - әрекеттерін еске сактауларына ықпал етеді. - Бүгін тойға барып, өз өнерлерінді көрсеттіндер. Барлығын өнерпаз, өнерлі екенсіндер- деп мақтау.	Қойылған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Өз ойларын алған әсерлерін жеткізе әнгімелейді. "Колхоздағы той" әуенінің ырғағына балалар "атқа мініп" шауып шығып кетеді.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек: әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды әнді жеке хормен мәнерлеп айтуды.**

**Нені игереді:** ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдал бірігіп оркестрде ойнауды.

**Нені біледі:** ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді әнді сипатына көңілд күйіне сәйкес орындауын.

**Күні:** Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Біздің оркестр "

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспап дыбыстарын ажыратада білуге, ырғақпен ойнай білугедағдыландыру. Оркестр туралы мағлumat беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу.

**Көрнекілік:** оркестр, дирижер суреттері, ұлттық музикалық аспаптар.

**Сөздік жұмыс:** дирижер, оркестр, концерт

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларға "Қазақ маршы" (Е. Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүруін, тұлғаларын тұзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалау.</p> <p><i>Асығып жүгіріп саспайық, Көңілді жастығуларды бастайық! Шеңбер бойымен тұрып, ән мәтініне сая аяқты топырдатуды көрсетіп, үйрету. Балаларды екі топқа бөліп, кезекпен- кезек жаттығуды орындау.</i></p>	<p>Балалар тізбектеле, шеңбер бойымен әуен екпінімен жүреді. Бастарын көтеріп, аяқтарын нық басады. Балалар шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Үргакты сезіне қол шапалақтайды, аяқтарын топылдатады.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік беру. Балалардан таныс аспаптарын атап, көрсетулерін сұрау. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізу. Дирижердің суретін көрсетіп, атқаратын қызметін көрсетіп мәлімет беру.</p>	<p>Суретке қарап, оркестр, дирижер туралы түсінік алады.</p> <p>Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.</p>
<b>Ән тыңдау</b>	<p>Құрманғазы оркестрінің орындаудағы "Сарыарқа" күйін ұntаспадан тыңдату. Күйді сезіне тыңдап, әңгімелегулерін сұрау.</p>	<p>Күйді тыңдап, әсерлерін, көңіл күйлерін жеткізеді</p>
<b>Ән үйрену</b>	<p>- Балалар, әнді әдемі айту үшін, дауысыз жарқын шығу үшін не істейміз?</p> <p><i>Біз өнерпаз баламыз, Біз де билей аламыз Аспаптарда ойнаймыз,</i></p>	<p>Дауыс жаттығуын әндете, дауыстап айтуға талпынады.</p> <p>Көңілді әнге</p>

	<p><i>Эн де шырқап саламыз!</i>          "Біздің оркестр" әнін балаларға орындаپ беру. Әнді зейін қойып тындал, не туралы айтылатынын сұрау. Әннің 1-шумағын орындаپ, балаларға қосылып айтуды ұсыну.</p>	еліктеп, аспаптар атын бірге әндете
<b>Әуенді - дидактикалық ойын</b>	<p>"Сырнай мен даңғыра" Ойын шартын түсіндіру. Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қымылын бірге көрсетулерін сұрау, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескерту.</p>	Ойынга белсene қатысады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді..
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>"Еркем-ай" әнін оркестрде ойнауды ұсынып, балаларға өздері қалаған аспаптарын тандауға мүмкіншіліктерін беру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?</li> <li>- Біздің оркестрімізде қандай аспаптар бар?</li> <li>- Жаңа әннің сипаты, екпіні қандай? Сұрақтар қойып, оқу іс - әрекетін бекіту. Балаларды мадақтау. Үйде қатты қағазға домбыра суретін салып, қыып әкелуді ұсыну.</li> </ul>	Аспаптарды таңдаш алып, әннің ырғағымен өз партияларын орындауды. Сұрақтарға толық жауап береді. Концерттен, теледидардан көрген, тындаған оркестрлері туралы әңгімелейлі.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** ұлттық ұрмалы аспаптар түрін, үндестікті сезінуді және өз шығармашылықтарын көрсетуді.

**Нені игереді:** аспаптарда еркін ойнап, үндестікті сезінуді және өз шығармашылықтарын көрсетуді.

**Нені біледі:** оркестр, дирижер туралы білімді.